



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 23 ақпан

Номиналы 1000 теңгелік ескерткіш банкноттар туралы

«Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған, номиналы 1000 теңгелік банкноттарды қабылдаудан бас тарту жағдайларының жиіленуіне байланысты, Ұлттық Банк бұл банкноттардың **заңды төлем құралы болып табылатынын** еске салады. **Олар бойынша айналыс мерзімі белгіленбейді.** Бұл банкноттар айналымнан **табиғи тозуына қарай** алынады.



Қазақстан Республикасының Ислам Конференциясы Ұйымындағы төрағалығына арналған 1000 теңгелік және Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымдағы төрағалығына арналған 1000 теңгелік ескерткіш банкноттар да **заңды төлем құралы болып табылатынын** еске салады. **Олар бойынша айналыс мерзімі белгіленбейді. Бұл банкноттар айналымнан табиғи тозуына қарай алынады.**



Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес айналыстағы банкноттар мен монеталарды қабылдаудан бас тарту ескерту жасауға, ал әкімшілік жаза салынғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан бас тарту шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – он, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкноттарды қабылдаудан, ұсақтаудан және айырбастаудан бас тартуы елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сұрақтар туындаған жағдайда Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасына +7 (727) 2788 058, 2619-234, 2704-585 телефондары бойынша және Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасына +7 (727) 2704-569 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704-585, +7 (727) 3302-497

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz